

ТҮСІНІКТЕР «Тағдыр»

Жазушы Қабдеш Жұмаділов 1962-жылы ата жұртқа оралғанда, біраз тарихи деректер жинақтап, болашақта жазсам деп армандаған екі үлкен шығармасы болған екен. Оның бірі – «Соңғы көш» роман-дилогиясы да, екіншісі – «Тағдыр» романы.

Алайда көңілдегі кітаптарды жазуға бірден кірісіп кете алмайды. Белгісіз жас автор жұртшылық назарына шетел тақырыбына арналған кесек роман ұсыну үшін, алдымен шағын жанрларда күш сынап, танылуы керек болады. Алғашқы жылдарда «Жас дәурен» атты өлеңдер жинағын, «Қаздар қайтып барады» атты әңгімелер топтамасын шығарып, «Көкейкесті» романын жазады. Міне осыдан кейін ғана «Соңғы көшті» жазу, жарыққа шығару, сараптан өткізу әлегі басталады. Шыңжаң қазақтарының өмірінен жазылған романды жариялау керек пе, жоқ па деген сұраққа төрелік айтуды Қазақстаннан бірде-бір мекеме (Жазушылар одағы, Ғылым академиясы, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті), не жеке адам өз мойнына алмай, қолжазбаны Мәскеудегі Қиыр Шығыс институтына жолдап, солардан сараптама алдырады. Мәскеудің алғы сөзімен «Соңғы көш» 1973-жылы «Жұлдыз» журналына зорға басылады. Содан кейін жазушы «Соңғы көштің» екінші кітабына кіріседі. Сөйтіп жүргенде, жетпісінші жылдар өте шығады. Бұл аралықта басқа да шығармалар дүниеге келеді. Сонымен, не керек, автор «Тағдыр» романын жазуға 80-жылдардың ортасында ғана мүмкіндік алады.

Бірақ, оның есесіне, бұл кезде роман оқиғасы баста пісіп болған еді. Онсыз да бәрі авторға қанық жайлар болатын. Ел таныс, жер таныс. Күні кеше Шәуешекте болған оқиғалар. Төртуыл тайпасының үкірдайы – Демежан басындағы трагедияны (Демежан 1908-жылы Шәуешекте дарға асылды) автор бала жастан жаттап өскен. Ру арасындағы тартыс, Демежанның достары да, қастары да белгілі еді. Енді тек шекара бөлісіне қатысты деректерді айқындау, қағанат тарихы мен Маншың ұлықтарының тұрмыс тіршілігін, салт-санасын зерделеу ғана қалған-ды. Әрине, романға кірісер алдында бұған да біраз уақыт кетеді.

Бір тәуірі, жазушы 80-жылдардың басынан бастап, кеңсе қызметін қойып, бірыңғай шығармашылық жұмысқа шығып алған-ды. Уақыт жеткілікті еді. Бұған енді осы уақытқа дейін бес роман, бәленбай әңгіме-хикаят тудырған жазушы тәжірибесін қосыңыз. Автордың жасы елуге таяған, нағыз толысқан шағы еді.

«Таңғажайып дүние» ғұмырнамасында айтылуына қарағанда, жазушының ең армансыз, қапысыз жазылған шығармасы – осы «Тағдыр» болса керек. Роман 1985-жылы қазан айында басталып, 1987-жылы ақпанда аяқталыпты.

1986-жылдың жазында бір-екі ай тыныстап алғаны болмаса, автор әл-Фараби атындағы жазушылардың шығармашылық үйінен ешқайда қозғалмаған. Бір тыныспен, үзбей отырып бір жарым жылда жазып шыққан. Жазушы өз ғұмырнамасында әрқандай шығарманы екі рет көшіретінін айтады. Алғашқы жолда «құдайдың құлаққа сыбырлағаны» қағазға түссе, екінші рет аққа көшіргенде, өңдеу, қырнау жұмыстары қоса атқарылады. Автордың айтуынша: «Тағдыр» романы тұсында мың беттік қолжазбаны екі қайта жазып шыққан. «Құймышық сірі болып, саусақ сүйелденіп» кеткен.

«Тағдыр» романы – көркемдік өресі, мазмұн жағынан ғана емес, форма жағынан да кемелдікке жеткен шығарма. Романда таразы басын тең тартатын төрт бөлім бар. Әр бөлімі он тараудан – қырық тарау бар. Классикалық туындыларда ғана болатын симметрия шарты толық сақталған. Артық сөз, артық бояу, қосалқы көріністер ұшыраспайды. Оқиғалар шашау шықпай негізгі желіге көгенделіп берілген.

Көлемі 36 баспа табақ «Тағдыр» романы ең алдымен «Жұлдыз» журналында (1988 ж. № 4 – 5 – 6) жарияланды. Таралымы – 158.437 дана. Сол жылы «Жазушы» баспасынан 40.000 данамен жеке кітап болып басылды. Оқырман қауым кітапты бірнеше айдың ішінде талап әкеткен.

Романды әдебиетші қауым бірден жоғары бағалады: «Тағдыр» – ұлтжанды қаһарманды биік өреге көтерген роман. Ол – қазақ әдебиетінің өз қойнауынан шыққан туынды. Басқа тілдерге аударылғанда ғана бағы ашылатын кейбір шығармалардай, батыс я Латын Америкасы роман үлгісі бойынша пішілмеген. «Тағдырды» оқып отырғанда қазақтың кең даласына сүңгіп кеткендей рахатқа бөленесің» деп жазды кейін ол туралы профессор Шериаздан Елеуенов.

Жазушының елеулі еңбегін әдебиет сүйер қауым ғана емес, жоғарғы ресми орындар да бірден мойындады. 1990-жылы «Тағдыр» романына Абай атындағы мемлекеттік сыйлық берілді. Тағы бір атап өтетін нәрсе, сол жылы әдебиет пен өнерге бөлінген бес сыйлықтың төртеуі бос қалып, Қабдеш Жұмаділовтың «Тағдыр» романы жеке-дара марапатталды.

*Түсініктерді жазған
Арман Жұмаділов*